



САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

ҚҰРЫЛЫМ ЕРЕЖЕСІ

ҚЕ-18-01

КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР БӨЛІМІ

- 1 Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және сапа менеджменті бөлімімен
ӨЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
- 2 Өзірлегендер - Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және сапа
менеджменті бөлімінің басшысы Ким И.С.
- 3 Келісілді - Академиялық мәселелер жөніндегі проректордың
м.а., э.ғ.к. доцент Байнеева П.Т.
- HR департаменті директорының орынбасары
Абираева С.К.
- Заң қызметінің басшысы Абираева С.К.
- 4 Университеттің Ғылыми кеңесінің 24 қараша 2024 № 5 мәжілісінде
талқыланып мақұлданды
- 5 Енгізілді 2024
- 6 Тексерілу мерзімі 2026

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Шымкент, 2024

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		ҚЕ-18-01
Сапа менеджменті жүйесі	Құрылым ережесі	2-нұсқа
Компьютерлік технологиялар бөлімі		5 беттің 2-беті

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Компьютерлік технологиялар бөлімі - университеттің ақпараттық жүйелерінің және компьютерлік техникасының жұмысын қамтамасыз ететін құрылымдық бөлім болып табылады.

1.2 Компьютерлік технологиялар бөлімі өз қызметінде қолданыстағы Қазақстан Республикасының Конституциясын, ҚР «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Ақпараттандыру туралы», «Тіл туралы» Заңдарын, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің ақпараттық технология жайлы нормативтік-құқықтық актілерін; еңбек заңдарын; еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өрттен қорғау ережелері мен нормаларын, білім беру және сапа саласындағы мемлекеттік стандарттарды, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің нормативтік және әдістемелік құжаттарын, университеттің Ғылыми кеңесі шешімдерін, университет басшылығының ұйымдастырушылық-басқарушылық құжаттарын, университет Жарғысын, ИСО 9001:2015 ХС, университеттің сапа менеджменті жүйесі құжаттарын басшылыққа алады.

2 ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

2.1 Компьютерлік технологиялар бөлімі президенті бекіткен штаттық кестесіне сәйкес келесі мамандардан құрылған:

- Бөлім басшысы
- Инженер бағдарламашы
- Жүйелік администратор
- Оператор

3 ҚЫЗМЕТІ

3.1 Жаңа ақпараттық технологияларды енгізеді;

3.2 Университеттегі ресми веб-сайты (<https://tashenev.edu.kz>) басқарады және қамтамасыз етеді;

3.3 Университеттің корпоративтік поштасын және Documentov электрондық құжат айналымы жүйесін басқарады;

3.4 Университеттің электронды кітапхана қорын (<https://lib.tashenev.edu.kz>) басқарады;

3.5 Университеттегі бейнебақылау жүйесін бақылау және басқару;

3.6 Университеттегі барлық құрылғыларда сымды және сымсыз Интернетке қолжетімділікті қамтамасыз етуге қатысты әрекеттерді қолдайды;

3.7 Компьютерлік техникамен техникалық оқыту құралдарын пайдаланумен байланысты қызметті қолдайды;

3.8 Университеттің құрылымдық бөлімдерінде орнатылған компьютерлік техниканың жұмыс істеуін қамтамасыз етеді (профилактикалық іс-шаралар мен бақылау жүргізеді);

3.9 Университеттің құрылымы бөлімдерін қажетті компьютерлік бағдарламалармен қамтамасыз етеді;

3.10 Университеттің құрылымдық бөлімдерінің компьютерлік техниканы пайдалану ережелерін сақталуын қадағалайды.

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		ҚЕ-18-01
Сапа менеджменті жүйесі	Құрылым ережесі	2-нұсқа
Компьютерлік технологиялар бөлімі		5 беттің 3-беті

4. ҚҰҚЫҚТАРЫ

Компьютерлік технологиялар бөлімі құқылы:

- 4.1 Кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыру үшін нормативтік шарттарды қамтамасыз ету және материалдық-техникалық қамтамасыз етуге;
- 4.2 Өзінің жұмысына қатысты мәжілістерге қатысуға;
- 4.3 Өзінің қызметі аясында компьютер орталығында тазалық және тәртіп сақтауларын талап етуге;
- 4.4 Жарамсыз техникалармен жұмыс жасауға тиым салуға;
- 4.5 Жұмыстағы табыстары үшін моральдық және материалдық сыйлықтар алуға;
- 4.6 Белгіленген тәртіп бойынша университет басшылығының бұйрықтары мен шешімдеріне шағым жасауға.

5. МІНДЕТТЕРІ

Компьютерлік технологиялар бөлімі міндетті:

- 5.1 Университеттің сапа саласындағы саясатын, стратегиялық даму жоспарын, сапа мақсаттарын орындауға;
- 5.2 Университеттің сапа саласындағы саясаты мен мақсатын жүзеге асыруға;
- 5.3 Ақпараттық технологиялар бөлімі сапа менеджменті жүйесіндегі (ары қарай СМЖ) құжаттарын әзірлеуге, жүргізуге және ендіруге;
- 5.4 Мәліметтер қорындағы және оқу процесіне тиісті ақпараттардың жойылып немесе таратылып кетуіне жол бермеуге;
- 5.5 Компьютер техникасы мен технология жетістіктерін, инновациялық әдістерді ендіруге;
- 5.6 Университетте өтетін облыстық, республикалық, халықаралық конференциялар, семинарларды техникалық қолдау көрсетуге;
- 5.7 Ғылыми-зерттеу сапасы төңірегіндегі мақсаттарды жүзеге асыруға;
- 5.8 Жоғары оқу орындарының инновациялық тәжірибелерін зерделеуге.
- 5.9 Университеттің қызметіне қажетті заманауи ақпараттық-техникалық инфрақұрылымды құруға, пайдалануға және қолдау көрсетуге;
- 5.10 Университеттің біртұтас ақпараттық кеңістігін қамтамасыз ететін инновациялық жобаларды дайындауға және енгізуге;
- 5.11 Университеттің құрылымдық бөлімдері компьютерлік техникасының жұмысын қамтамасыз етуге;
- 5.12 Компьютерлік техникаға жөндеу жұмыстарын жүргізуге;
- 5.13 Университеттің барлық құрылымдық бөлімдерінде компьютерлік техникамен техникалық оқыту құралдарының есебін жүргізуге;
- 5.14 Белгілеген нормативтерге сәйкес қажетті бөлшектерді сатып алуға және есепке алуға;
- 5.15 Компьютерлік сыныптарға, ақпараттық ресурстармен жұмыс істейтін компьютер пайдаланушыларына қызмет көрсетуге;
- 5.16 Білім алушыларға, университет қызметкерлеріне компьютерлік техникамен техникалық оқу құралдарын қолдану саласында сабақтарды ұйымдастыруға және өткізуге;
- 5.17 Компьютерде техникалық тестілеу арқылы сақтандыру жұмыстарын жүргізуге;
- 5.18 университеттің құрылымдық бөлімдерінде INTERNET–жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге.

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ		ҚЕ-18-01
Сапа менеджменті жүйесі	Құрылым ережесі	2-нұсқа
Компьютерлік технологиялар бөлімі		5 беттің 4-беті

6 ЖАУАПКЕРШІЛІК

Компьютерлік технологиялар бөлімі жауапты:

- 6.1 Компьютерлік технологиялар бөлімінде оқу процесіне қажетті дербес компьютерлердің сапалы және дұрыс жұмыс істемегендігі үшін;
- 6.2 Қызметтік міндеттерде көрсетілген орталық жоспарында және графигінде жоспарланаған жұмыстарды орындамағаны үшін;
- 6.3 Қызметтік этиканы сақтамағаны үшін;
- 6.4 Қауіпсіздік техникасының ережесін бұзғаны үшін;
- 6.5 Қызметтік ақпараттық құпиялығын сақтамағаны үшін;
- 6.6 Университет Жарғысы, қолданыстағы заңнама актілері және осы ережеде көрсетілген міндеттерді орындамаған жағдайда;
- 6.7 Қазақстан Республикасының “Еңбек Кодексі” шеңберінде қызметтік міндеттерін орындау барысында басқа да заң бұзушылықтары үшін.

7 ҚҰРЫЛЫМДЫЛЫҚ БӨЛІМДЕРМЕН БАЙЛАНЫСЫ

- 7.1 Компьютерлік технологиялар бөлімі университеттің оқу әдістемелік жұмысы жөніндегі проректорға бағынады және оның жазбаша, ауызша түрде берілген барлық тапсырмаларын орындауға міндеттенеді.
- 7.2 Университеттің компьютерлік техникасының жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша барлық құрылымдық бөлімдермен әрекеттеседі.
- 7.3 Компьютерлік технологиялар бөлімі ұйымдастыру-шаруашылық қызметі әкімшілік-шаруашылық істері жөніндегі проректорына бағынады;
- 7.4 Компьютерлік технологиялар бөлімі сапа менеджменті жүйесін ендіру сапа менеджменті бөлімімен үйлестіріледі және бақыланады;
- 7.5 Компьютерлік технологиялар бөлімі заңдық және құқықтық мәселелері университет заңгерінің келісімімен шешіледі.

КЕЛІСІЛДІ

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор

Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және сапа менеджменті бөлімінің басшысы



Байнессева П.Т.

Ким И.С.

